

**«МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДА»
ӘЛЕУМЕТТІК-БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ**

Іске асыру мерзімі: 2024 жыл

Жоба жетекшісі: Уатаева Б.Қ. - «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ басшысы

Жоба тұжырымдамасының авторы: Шаймуханбетова Ж.К. – инновациялық - әдістемелік бөлімінің кітапханашысы

Мекенжайы: 100000 Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 30

Тел: 41-23-25 E-mail: odb_abai@mail.ru

Жобаның өзектілігі

Мәдениет әрқашан әлемді танудың және ой-өрісті кеңейтудің ең күшті құралы болған. Бүгінгі таңда өз халқының, елінің мәдениетін зерттеумен қатар басқа елдер мен халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін білу өте маңызды. Қазіргі уақытта біздің болмысымыздың барлық салаларында адамдар мен мемлекеттер арасындағы шынайы мәдени қатынастарды орнату бұрынғыдан да маңызды. Балалар кітапханасы жеткіншіктер мен жасөспірімдердің өзін-өзі тануына, үйлесімді-адамгершілік тұлға болып қалыптасуына, оларды мәдениетке баулудың барлық бағыттарын қамтып келеді.

Осы тақырыптың, әсіресе қазіргі заманғы күрделі геосаяси жағдайда, өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы «Мәдениеттер тоғысында» әлеуметтік-білім беру жобасын әзірледі.

Жоба әртүрлі елдер мен халықтардың әдебиетін, тарихын, өнерін, этикасын, тілі мен дәстүрлерін насихаттауға бағытталған.

Жобаның мақсаты: балалардың елдер мен халықтар туралы білімдерін кеңейту, шетел әдебиетінің үздік үлгілерін дәріптеу арқылы оқырмандарды әлемдік мәдениет пен өнерге баулу.

Жобаның міндеттері:

- оқуға тарту;
- оқырмандардың ой-өрісін қалыптастыру және кеңейту;
- балалардың танымдық қызығушылығын, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- жаңа көркем және елтану әдебиеттерімен толықтыру;
- шетелдік авторларды танымал ету;
- балаларға арналған көрнекті мәдени алаң ретінде кітапхананың оң бейнесін қалыптастыру;
- кітапхана серіктестерін белсенді тарту.

Жобаны іске асырудың мазмұны мен тетіктері:

«Мәдениеттер тоғысында» жобасы - ақпараттық-танымдық және ойын-сауық сипаттағы іс-шаралар кешені. Жобаны жүзеге асыру барысында әртүрлі жастағы оқырмандармен жұмыс істеудің алуан түрлі инновациялық формалары мен әдістерін қолдануға болады. Бұл елдер мен континенттерге, ең көне өркениеттер мен заманауи мегаполистерге қызықты саяхат болмақ.

Абай атындағы ОБК жаңа жобасы барлық қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, балаларға мәдени даму, олардың білім беру, коммуникативтік және өзге де

қажеттіліктерін қалыптастыру және қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылатын **балалар кітапханасының миссиясына толық сәйкес келеді.**

«Мәдениеттер тоғысында» жобасы оқырмандардың барлық санаттарына, сондай-ақ ата-аналарға арналған.

Ағымдағы жылы жобаға келесі елдер енгізілді: **Италия, Жапония, Қытай, Үндістан, Германия.**

Оқырмандар әр елге бір апта саяхат жасайды. Әр күн белгілі бір тақырыпқа арналады: кино өнері, музыкалық мәдениет, әдебиет, спорт, шеберлік сыныптары, ас үй, ойындар, ұлттық мерекелер және т.б.

«Мәдениеттер тоғысында» жобасы - бұл тілдердің, музыкалық бағыттың, әдеби кейіпкерлердің, сондай-ақ ерекше мерекелердің және достық қарым-қатынастардың тоғысар алаңы.

Кітапхананың кітап қоры барынша ашылып, жұмылдырылады, белгілі бір елмен байланысты ең қызықты кітаптар анықталады.

Әр елдің тұсаукесеріне кітап көрмелері немесе кітапханалық квилт ретінде бір елге тән ерекше атмосфераны білдіретін танымал тұлғалардың, көрікті жерлердің фотосуреттері бар, жеке бөліктерден тұратын ақпараттық стенд рәсімделеді.

Мүмкін болса, әр халықтың музыкалық мұрасының байлығын танымал етуге көмектесетін музыкант-орындаушылар шақырылады. Белгілі шетелдік авторлардың әдеби шығармаларынан театрландырылған қойылымдар оқырмандардың назарын аударады.

Жобаны іске асыруға кітапхананың барлық бөлімдері қатысады.

Жобаны дайындау және іске асыру барысы кітапхана сайтында, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та тұрақты түрде жарияланатын болады.

Күтілетін нәтижелер:

- балалар кітапханасын пайдаланушылар шеңбері ұлғаяды;
- балалардың ой-өрісі кеңейіп, басқа халықтардың мәдениеті арқылы қазақстандық бірегейлікті тану мүмкіндіктері туады;
- балалар кітапханасының рөлі мен мәртебесі артады;
- кітапхананың түрлі қоғамдық ұйымдармен, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттердің елшіліктерімен ынтымақтастығы құралады;
- елшілік және шетелдік туризм артады;
- әдебиет, өнер, тарих, дәстүр, дін, философия, тұрмыс, көрікті жерлер және басқа халықтардың ой-пікірлері жан-жақты білім алу жүйесі құрылады;
- достық пен өзара түсіністік атмосферасы кең өріс алады;

«Мәдениеттер тоғысында» жобасын жүзеге асыру Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының балаларға арналған заманауи ағарту орталығы екені ұстанымын бекітуге мүмкіндік береді.

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы өңірдегі балалар кітапханаларының инновациялық-әдістемелік орталығы ретінде жобаны іске асыру қорытындысы бойынша тәжірибелік кейс дайындайды.